

"Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 маусымда № 38984 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10886 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшасымен бекітілген "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғаш ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында 2026 жылғы 12 шілдеден бастап мыналар белгіленсін:

2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады:

""цифрлық үкіметтің" веб-порталы" - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік органдар және мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болып табылатын цифрлық объект.";

5-тармағы мынадай редакцияда қолданылады:

"5. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.";

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нагаспаев

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі

2026 жылғы 16 маусымдағы
№ 306

Бұйрыққа 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 235 бұйрығына
қосымша

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1)

тармақшасына сәйкес әзірленді және ағаштарды кесуге рұқсат беру тәртібін анықтайды

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жасыл екпелер тізілімі - жасыл екпелердің түрлері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

2) өтемдік отырғызу жоспары - отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге байланыстыра отырып орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

2-тарау. "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті негізгі талаптар мен құжаттар тізбесі

3. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті негізгі талаптар мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) әрекеттері:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі олар түскен күні, осы Қағидалардың 1-қосымшада көрсетілген құжаттармен бірге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан түрінде сәйкес өтінішті тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініш жасаған жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттары бар өтінішті 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 6 (алты) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің сәйкестігін тексереді, өсіп тұрған ағаштардың жасыл екпелер тізіліміне сәйкес орналасқан жерін, сандық және тұқымдық құрамын, олардың күйін нақты анықтау үшін жергілікті жерге барады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға ағаштарды кесуге рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы Көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-тің 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындыны және тыңдау нәтижесін қарау қорытындысы бойынша Көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағаштарды кесуге рұқсат беру;

2) ағаштарды кесуге рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауап электрондық құжат түрінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" порталда 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолданады.

5. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, уәкілетті орган "электрондық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

6. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

7. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Көрсетілетін қызметтерді берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға көрсетілетін қызметті берушінің, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына (бұдан әрі - уәкілетті орган) берілуі мүмкін.

7-1. Шағым келіп түскен жағдайда, ҚР ӘРПК-тің 91-бабының төртінші бөлігіне сәйкес көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

8. Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы: көрсетілетін қызметті берушімен, уәкілетті органмен – оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен – оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

9. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым жасаған өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-тің 91-бабының бесінші бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Ағаштарды кесуге
рұқсат беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
I-қосымша

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Ағаштарды кесуге рұқсат беру
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) тәсілдері	"Электрондық үкіметінің" веб-порталы: www.egov.kz , www.elicense.kz
5	Мемлекеттік қызмет көрсету мен оның кіші түрлерінің (бар болса) мерзімі	Портал арқылы өтініш берген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) нәтижесі	Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған ағаштарды кесуге рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап порталдағы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі
8	Мемлекеттік қызметті көрсету және оның кіші түрлері (бар болса) кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		1) Көрсетілетін қызметті беруші - түскі үзіліспен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұмаға дейін.

<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Өтініш беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
	<p>1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету кезінде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан түрінде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасында тіркелмеген жағдайда); кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы (мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы) (мәліметтер нысаны); өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың жай-күйін көрсете отырып, объектінің аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың уақытын көрсетіп, өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат; өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.</p> <p>2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді, жерасты</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету және олардың кіші түрлері (бар болса) үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

және жерүсті коммуникацияларын реконструкциялау және орнату кезінде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы (мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы); өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың күйін көрсете отырып, құрылыс (реконструкциялау) аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары;

өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп, өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат;

өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.

3) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі кезінде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасында тіркелмеген жағдайда);

өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың күйін көрсете отырып, объектінің аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп өтемдік

ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат;

өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.

4) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге электрондық жүйелерден " электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін

11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен(бар болса) бас тарту үшін негіздер	қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.
12	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты алады. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің: www.kds.mps.gov.kz , сәулет, қалақұрылысы және құрылысы істері жөніндегі уәкілетті орган интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Жергілікті атқарушы органның уәкілетті органына

(мемлекеттік органның
толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі/заңды
тұлғаның толық атауы,
ораналасқан жері, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)
Байланыс деректері

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй /ғимарат нөмірі,
байланыс телефондарының
нөмірі)
Нысан
Өтініш нөмірі:

ӨТІНІШ

(Объектінің толық мекен жайы) мекен-жайындағы объекті (объектінің атауы)
бойынша ағаштарды (ағашты) кесу үшін рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш беруші рұқсат беруді ресімдеу кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған,
заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді
пайдалануға келісімін береді.

Келесі құжаттар ұсынылады:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
(заңды тұлғаның лауазымы) берілген күні: кк.аа.жж.
(электрондық цифрлық қолтаңба)

"Ағаштарды кесуге
рұқсат беру" мемлекеттік
қызмет көрсету
қағидаларына
3-қосымша

Ағаштарды кесуге РҰҚСАТ

Берілді: Ұйымның атауы (заңды тұлғаның толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі).

Объекті бойынша: объектінің атауы көрсетіледі.

Орналасқан жері: объектінің мекенжайы.

Ағаштарды (ағашты) кесу мынаған байланысты жүргізіледі: (себебі көрсетіледі).

(Жергілікті атқарушы органның уәкілетті органының атауы), ағаштарды (ағашты) кесуге келіседі: ағаштардың (ағаштың) жай-күйі (тұқымы, сандық және сапалық сипаттамалары) нақты көрсетіледі..

Рұқсаттың қолданылу кезеңі: (қолдану мерзімін жұмыс түрлерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органның уәкілетті органы белгілейді).

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушыға төмендегідей талаптарды орындау ұйғарылады:

Жерасты және әуе коммуникацияларын қорғау нормалары мен ережелерін сақтай отырып, (мерзімі көрсетіледі) дейін көшеттерді (түрлік, сандық және сапалық құрамы көрсетіледі) отырғызу арқылы ағаштардың (ағаштың) өтемдік қалпына келтіру бойынша іс-шараларын жүргізу қажет.

Іргелес аумақтардағы жасыл екпелерді қорғау, күтіп-ұстау және сақтау бойынша толық іс-шаралар кешенін жүргізу.

Ескертпе: Тапсырыс берушіге рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жұмыс туралы ақпаратты жазбаша тәртіппен ұсыну қажет.

Басшы

(уәкілетті тұлға) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(электрондық-цифрлық қолтаңба)

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі
2026 жылғы 16 маусымдағы
№ 306
Бұйрыққа 2-қосымша
"Ағаштарды кесуге рұқсат
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Ағаштарды кесуге рұқсат беру

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) тәсілдері	"Цифрлық үкіметінің" веб-порталы: www.egov.kz , www.elicense.kz
5	Мемлекеттік қызмет көрсету мен оның кіші түрлерінің (бар болса) мерзімі	Портал арқылы өтініш берген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) нысаны	Цифрландырылған (ішінара цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерінің (бар болса) нәтижесі	Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған ағаштарды кесуге рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап порталдағы көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жіберіледі
8	Мемлекеттік қызметті көрсету және оның кіші түрлері (бар болса) кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Көрсетілетін қызметті беруші - түскі үзіліспен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұмаға дейін. 2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Өтініш беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету кезінде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан түрінде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасында тіркелмеген жағдайда); кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы (мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы) (мәліметтер нысаны); өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың жай-күйін көрсете отырып, объектінің аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың уақытын көрсетіп, өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат; өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді, жерасты және жерүсті коммуникацияларын реконструкциялау және орнату кезінде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы (мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы); өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың күйін көрсете отырып, құрылыс (

Мемлекеттік қызмет көрсету және олардың кіші түрлері (бар болса) үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

реконструкциялау) аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары;

өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп, өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат;

өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.

3) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі кезінде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасында тіркелмеген жағдайда);

өсіп тұрған ағаштардың тұқымдық және сандық құрамын, олардың күйін көрсете отырып, объектінің аумағында өсіп тұрған жасыл екпелерін түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары; көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат;

өтемдік көгалдандыру жүргізуге ұйыммен (мамандандырылған) жасалған шарт.

4) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші; өтемдік ағаштарды отырғызудың жоспары;

		<p>көшеттерді отырғызуды аяқтаудың күнін көрсетіп өтемдік ағаштарды отырғызу бойынша кепілдік хат.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.</p>
11	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен(бар болса) бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне</p>

		<p>енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.</p>
12	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің: www.kds.mps.gov.kz, сәулет, қалақұрылысы және құрылысы істері жөніндегі уәкілетті орган интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.</p>

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі

2026 жылғы 16 маусымдағы
№ 306 Бұйрыққа
3-қосымша

"Ағаштарды кесуге
рұқсат беру" мемлекеттік
қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Жергілікті атқарушы органның
уәкілетті органына
(мемлекеттік органның толық
атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі/занды
тұлғаның толық атауы,
ораналасқан жері, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)
Байланыс деректері

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй /ғимарат нөмірі,
байланыс телефондарының
нөмірі)
Нысан
Өтініш нөмірі:

ӨТІНІШ

(Объектінің толық мекен жайы) мекен-жайындағы объекті (объектінің атауы) бойынша ағаштарды (ағашты) кесу үшін рұқсат беруіңізді сұраймын. Өтініш беруші рұқсат беруді ресімдеу кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді. Келесі құжаттар ұсынылады: _____

_____ Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (заңды тұлғаның лауазымы)
берілген күні: кк.аа.жж.

(электрондық цифрлық қолтаңба)